

Педагогикалық кеңестің

№1 Хаттамасы

Қатысқандар: 7

Күні : 27.08.2021ж

Күн тәртібінде:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандарты және Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министірлігінің №557 бұйрығына енген өзгерістер мен оқу үлгілік бағдарламасы бойынша 2021-2022 оқу жылына арналған оқу- тәрбие жұмысының жоспары мен күн тәртібі, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесін бекіту.
2. Жаңа оқу жылына топтардың дайындығы.
(әдіскер Муртазаева Г)
3. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекіту.
Педагог қызметкерлерді жаңа оқу жылына дайындау мақсатында психологиялық тренинг. Психолог М.Усербаева

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі М.Усербаева сөз алды. Ал енді ең бірінші кезекте біздің биылғы жаңа оқу жылындағы өзгерістер туралы болмақ. Өздеріңізге белгілі мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің 2018 жыл 31 тамыздағы №604 бұйрықпен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес жүргізіледі. Мемлекеттік стандарт – оқыту нәтижелеріне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына, тәрбиеленушілердің оқу жүктемесіндегі ең жоғарғы көлеміне, тәрбиешілердің даярлық деңгейіне, оқыту мерзіміне қойлатын талаптарды анықтайды. Енді осы №604 бұйрықпен бекітілген стандартқа биылға жылы, яғни 2020 жылы 5 мамыр күні №182 бұйрықпен өзгерістер енгізілген. Осы өзгерістерге жеке-жеке тоқталатын боламыз. Өздеріңізге белгілі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асырылатын «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», « Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына негізделген. Енді тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің көлемі бойынша айтып кетейін. Топтарды жиынтықтау мәселесінде бізде балабақшада

Ерте жас тобы – 1 жастан бастап,
Кіші топ - 2 жастан бастап,
Ортаңғы топ- 3 жастан бастап,

Былтырғы оқу жылында бұл жөнінде өзгерістер болған одан хабарларыңыз бар. Естеріңде болса бұрынғы стандарт бойынша мектеп алды даярлық тобында 5-6 жас (7 жас) тағы балалар делінген. Ал биылғы өзгерістер балабақшадағы да, мектеп алды сыныбына тек 5 жастағы балалар қабылданады, ал 6-7 жастағы балалар 1 сыныпқа қабылданады.

Енді мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу жоспары туралы айтып кетейін. Барлығыңыз білесіздер Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министірлігінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Осы аталған № 557 бұйрыққа 12 мамыр 2020 жылы №195 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бұл жерде айырмашылықтарына тоқталып кетейін.

«Денсаулық» білім беру саласы – ерте жас, кіші топ, ортаңғы топ, ересек топтарға – 3 сағат берілген.

«Қатынас»- ерте жаста, кіші топта- 1 сағат- 0,5 сөйлеуді дамыту, 0,5 көркем әдебиет. Ортаңғы топтарға – 2 сағат, 1 сағат –сөйлеуді дамыту, 0,5- көркем әдебиет, 0,5- орыс тілі. Ересек топта – 2,5 сағат, 1 сағат- сөйлеуді дамыту, 1- сағат көркем әдебиет, 0,5- орыс тілі. Айта кететін жағдай «Қатынас» білім беру саласы бойынша драма оқу қызметі қысқартылған.

«Таным» білім беру саласы – ерте жас тобында – 1 сағат, 0,5 – сенсорика, 0,5- жаратылыстану. Кіші топқа -2 сағат, 1- жаратылыстану, 0,5-сенсорика, 0,5- құрастыру. Ортаңғы топ, ересек топтарға – 2,5 сағат, 1 сағат- жаратылыстану, 1 сағат- математика негіздері, 0,5- сағат – құрастыру.

«Шығармашылық» - ерте жас тобына- 2 сағат, 0,5- сурет салу, 0,5- мүсіндеу, 1 сағат – музыка. Кіші тобына – 3 сағат, 1 сағат – сурет салу, 1,5 сағат – музыка, 0,25- мүсіндеу, 0,25- жапсыру, 1,5 сағат- музыка. Ересек топ- 3,5 сағат, 1 сағат – сурет салу, 0,5 – мүсіндеу, 0,5- жапсыру. 1,5 сағат – музыка.

«Әлеумет» білім саласы бойынша ерте жас кіші топтарында ұйымдастырылған оқу қызметі жүргізілмейді. Ал ортаңғы топ және ересек тобында -0,5 сағат қоршаған ортаментаныстыру. Енді айта кететін өзгерістер «Әлеумет» білім саласындағы 0,25 экология оқу қызметі алынып, қоршаған ортамен таныстыру – 0,5 сағат болған.

Вариативтік компонент бойынша сағат саны ортаңғы топта- 1 сағат Ойыншықтар әлеміне саяхат -1 сағат. Ересек топта – 2 сағат, Ойыншықтар әлеміне саяхат- 1 сағат, Жол тәртібін білейік – 1 сағат.

Биылғы оқу жылында мына өтпелі тақырыптар бекітіліп берілді:

1. Қыркүйек – «Балабақша»
2. Қазан - «Менің отбасым»
3. Қараша – «Дені саудық жаны сау»
4. Желтоқсан – «Менің Қазақстаным»
5. Қаңтар – «Табиғат әлемі»
6. Ақпан – «Бізді қоршаған әлем»
7. Наурыз – «Салттар мен фольклорлар»
8. Сәуір – «Біз еңбекқор баламыз»
9. Мамыр – «Әрқашан күн сөнбесін!»

Ерте жас және кіші топтарда тақырыпшаларға бөлінбей осы өтпелі ай тақырыптарымен жұмыс жүргізіледі, ал ортаңғы және ересек топтарда өтпелі ай тақырыптарымен қоса тақырыпшаларға бөлінеді.

Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Г.Муртазаева сөз алды.

Жаңа оқу жылында кезекші топпен 3 топ 30 бала тәрбиеленуде. Қалған тәрбиеленушілер де назардан тыс қалмай онлайн режимінде оқытыла береді. Жаңа оқу жылына топтар көрнекіліктермен жабдықталып, дайын екенін айтып өтті.

Тыңдалды: Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі М.Усербаева сөз алып, тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекіту мәселесіне тоқталды. тәрбиешілер оқу жылы барысында берілген тақырыптары бойынша жұмыс жүрзіп, озат іс- тәжірибелерін дайындау керек және оны таратуға ұсыну қажет.

Тыңдалды: Төртінші мәселе бойынша балабақша психологы М.Усербаева балабақша педагогтарымен тренинг ұйымдастырды.

Педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1.Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандарты және Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министірлігінің №557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқудың Үлгілік оқу жоспарына биылғы жылы 2020 жылы 5 мамыры күні №182 бұйрықпен, 12 мамыр 2020 жылы №195 бұйрықты басшылыққа алып жұмыс жүргізілсін.

2. Жаңа оқу жылына топтар дайындалсын .

3. Тәрбиешілер бекітілген шығармашылық тақырыптары бойынша жұмыс жүргізілсін.

4. Педагог қызметкерлерді жаңа оқу жылына психологиялық дайындау жүргізілсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы:



М.Усербаева

Хатшы:



А.Ағайдарова

Педагогикалық кеңестің

№2 Хаттамасы

Қатысқандар: 7

Мерзімі: 22.10.2021ж

Күн тәртібінде:

- 1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы оқу қызметтің тиімділігін арттыру» (баяндама) әдіскер Г.Муртазаева
3. «Жас ерекшеліктеріне байланысты бағдарлама мазмұны мен мақсатын іске асыру бойынша балалардың құзіреттілігі, бастапқы мониторинг қортындысы».
4. «Таным» білім беру саласын ұйымдастырудың сапасы» тақырыпты тексерудің қорытындысы
5. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерді талқылау.

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі М.Усербаева өткен кеңестің шешімдерінің орындалуына тоқталып өтті.Оқу үлгілік бағдарламасы бойынша 2021-2022 оқу жылына арналған оқу тәрбие жұмысының жоспары бекітіліп, күн тәртібі , ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі жасалынып бекітілді.Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптары бекітілді.Олар жұмыс жүргізудіде Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезінде балабақшада ұйымдастырылған оқу қызметтері бекітілді.

Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Г.Муртазаева «Ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы оқу қызметтің тиімділігін арттыру» тақырыбында баяндама оқыды.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті маман дайындау. Балабақша үйрететін орта, оның жүрегі – тәрбиеші. Тәрбиешіге қойылатын талаптардың бірі – оқытудың жаңа технологияларын меңгету. Осындай аса қажетті технологиялардың бірі – ақпараттық- коммуникативтік технологияларды пайдалану.

Тыңдалды: Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі М.Усербаева сөз алды. Жас ерекшеліктеріне байланысты бағдарлама мазмұны мен мақсатын іске асыру бойынша балалардың құзіреттілігі, бастапқы мониторинг қортындысы жайлы айтып өтті.

Тыңдалды:Төртінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі М.Усербаева сөз алды. «Таным» білім беру саласын ұйымдастырудың сапасы» тақырыпты тексерудің қорытындысы. Таным білім беру саласындағы көрнекіліктер сапасы мектепке білім беру саласындағы стандарт талаптарды орындау мақсатында көрнекіліктермен толықтырып, жас ерекшеліктеріне сай, бала санына жеткілікті мөлшерде қамтылған. Математика

негіздері білім бөлімі бойынша үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес тақырыптармен қамтылған, жаратылыстану білім бөлімі бойынша балалармен ұйымдастырылған оқу қызметтерде ортаңғы, ересек топтарда эксперимент және табиғатпен байланысты тақырыптар қамтылған. Ұйымдастыру жұмыстарын әлі дамыта отырып, жаңа технологияларды қолдана отырып, оқу қызметтерін түрлендіре өтуді ұсыну. **тыңдалды:**Бесінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Г.Муртазаева сөз алды.

Ол өз сөзінде ерте жас тобы тәрбиешісі Г.Лесбаева «Менің отбасым» атты ашық ұйымдастырылған оқу қызметіне тоқталып, оқу қызмет барысында көрнекіліктері балалардың жасына сай жақсы жасалғанын, оларды балаларға көрсете білгенін атап өтті. Балалардың оқу қызмет барысына толық қамтылуын айта кетті. Екінші ашық ұйымдастырылған оқу қызметі ортаңғы топ тәрбиешісі С. Қурбанбекова «Көкөністерден көже жасау» тақырыбында өтілді. Оқу қызмет барысында көкөністерден көже жасау жолдарын, көкөністердің пайдасы туралы айтып өтті. Көкөністерден көже жасау барысында қауіпсіздік ережелерін айта кету керек еді. Үшінші ашық ұйымдастырылған оқу қызметі ересек топ тәрбиешісі А.Ағайдарова «Қуыршақ Әйгерімнің туылған күні» тақырыбында өтілді. Оқу қызмет барысында қуыршақ Әйгерімнің туылған күні арқылы балаларға көңілді күй сыйлады, қуыршақтарға ат қойып оларды күтіп ұстап туралы түсіндіріп өтті. Топтағы балаларды тұйық балаларды оқу қызмет барысына тартылуы ұсынылды

Педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. Балабақшада ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалану қолға алынсын.
2. Жас ерекшеліктеріне байланысты бағдарлама мазмұны мен мақсатын іске асыру бойынша балалардың бастапқы мониторинг қортындысы бойынша жұмыстар жасалып, даму деңгейлері көтерілсін.
3. «Таным» білім саласы бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтер сапасын арттыру қолға алынсын.

4. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтердегі айтылған ұсыныстар бойынша жұмыстар жүргізілсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы:



М.Усербаева

Хатшы:



А.Ағайдарова

Педагогикалық кеңестің

№3 Хаттамасы

Қатысқандар: 7

Мерзімі: 22.12.2021ж

Күн тәртібінде:

1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.

2. «Балабақшадағы дене шынықтыру, сауықтыру, спорттық мерекелерді ұйымдастыру маңыздылығы» баяндама тәрбиеші Л.Жекенова

3. Спорттық құралдар көрмесі.

4. «Салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру» (тамақтану ережелері, дене жаттығуларының тыныс мүшелеріне әсері, ұйқының гигиеналық мәні) баяндама медбике Ж.Кемелбекова

5. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерді талқалау.

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі М.Усербаева өткен кеңестің шешімдерінің орындалуына тоқталып өтті. Балабақшадағы жаңа ақпараттық технологияларды қолданылуы арқылы оқу тәрбие процесін тиімді ұйымдастырылғанын айтып өтті. Бастапқы мониторинг қорытындысын көтеру мәселесін де айтты. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтердегі кемшіліктер жойылып, ұсыныстар қабыл алынды.

Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша Балабақшадағы дене шынықтыру, сауықтыру, спорттық мерекелерді ұйымдастыру маңыздылығы» тәрбиеші Л.Жекенова баяндама оқыды. Жас ұрпақты жан – жақты дамыған, ой — өрісі биік, тұлғасы сымбатты азамат етіп өсіру үшін тәрбие жүйесінде дене тәрбиесінің алар орны орасан зор. Ал оны неғұрлым ерте кезінен бастап, дұрыс жолға қойып жүргізсе, соғұрлым нәтижесі жемісті болатыны анық. Өйткені болашақ азаматтың денсаулығы мықты, мүсін тұлғасы дұрыс қалыптасқан, жігерлі де қайратты болып өсуіне, көпшілдік дағдыларын бойына терең сіңіруіне нақ осы мектепке дейінгі кезеңде тереңірек көңіл бөлінсе, дұрыс негіз қаланады. Қазақтың кеменгер ақыны, ұлтының бақыты үшін өз бойындағы бар дарыны мен білгенін аямай, дене тәрбиесіне зор көңіл бөлген Мағжан Жұмабаев: «Дене тәрбиесіне жеңіл қарауға болмайды. Дене жанның қабы. Қап берік болса ішіндегі заты берік болмақ. Дене жанның құралы. Құралы мықты болса иесі де мықты.

Тыңдалды: Үшінші мәселе бойынша топ тәрбиешілері спорттық құрал жабдықтарынан көрме ұйымдастырды. Көрмеге әр топ тәрбиешілері балалардың жас ерекшелігін ескере отырып, құрал- жабдықтарды жасады.

Тыңдалды: Төртінші мәселе бойынша «Салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру» (тамақтану ережелері, дене жаттығуларының тыныс мүшелеріне әсері, ұйқының гигиеналық мәні) медбике Ж.Кемелбекова баяндама оқыды. Балаларды жеке және қоғамдық гигиеналық дағдыларына тәрбиелеу - олардың денсаулықтарын қорғауда тұрмыстық, қоғамдық мінез-құлықтарының дұрыс қалыптасуында маңызды орын алады. Ақыр түбінде балалардың гигиеналық ережелері және мінез-құлық нормаларына қажетті білім мен дағдыларын үреніп – орындауларынан, олардың ғана денсаулықтары ғана емес, сонымен бірге басқа балалардың, ересектердің денсаулықтары да тәуелді, байланысты болады. Балалармен күнделікті жұмыс процесінде олардың жеке гигиена ережелеріг орындаулары үйреншілік әдетке айналып, ал есейген сайын гигиеналық дағдылар үнемі жетілулері керек.

Тыңдалды: Бесінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Г.Муртазаева сөз алды. Ол өз сөзінде ересек топ тәрбиешісі А.Ағайдарова «Қонжық бізде қонақта» атты оқу қызметінде қонжық туралы түсіндіріп, дидактикалық ойындар ойнатты. Оқу қызмет барысына тағы да ойындарды қосып түрлендіріп өтуге болатыны туралы ұсынысын айтып өтті. Ортаңғы топ тәрбиешісі С. Құрбанбекова «Бізге қуыршақ келді» атты ашық ұйымдастырылған оқу қызметінде балаларға ғажайып сәт ұйымдастырып, шығармашылық топтарға бөліп өткізді, кіші топ тәрбиешісі А.Құлмұратова «Қуыршақты шомылдырып ұйықтатамыз» атты оқу қызметінде балаларды тазалыққа баулу және гигиеналық құралдарды дұрыс пайдалану жайында түсіндіріп, ойындар ойнатты.

Шешімі:

1. Өткен кеңестің шешімдері орындалсын.
2. Балабақшадағы дене шынықтыру, сауықтыру, спорттық мерекелерді ұйымдастыру маңыздылығы арттырылсын.
3. Спорттық құрал- жабдықтармен толықтырылсын.
4. Салауатты өмір салты ережелері ұстанылсын.

5. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтердегі айтылған ұсыныстар бойынша жұмыстар жүргізілсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы:



М.Усербаева

Хатшы:



А.Ағайдарова

Педагогикалық кеңестің

№ 4 Хаттамасы

Қатысқандар: 7

Мерзімі: 30.03.2022ж

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. «Ертегілер арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың құзыреттіліктерін қалыптастыру» баяндама тәрбиеші А.Агайдарова
3. «Өзің ойнай білесің бе?» тәрбиешілердің ойын әрекетін жүргізу әдістерін бақылау.
4. Математикалық негіздері оқу қызметінің бөлімдерінің дұрыс орындалуы. Тақырыпты тексеру қорытындысы
5. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерді талқалау.

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі М.Усербаева өткен кеңестің шешімдерінің орындалуына тоқталып өтті. Балабақшадағы спорттық мерекелер ұйымдатырылып, денсаулық күндері болып өтті. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтердегі кемшіліктер жойылып, ұсыныстар қабыл алынды.

Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі Л.Жекенова «Ертегілер арқылы мектеп жасына балалардың құзыреттілік қалыптастыру» атты баяндамасын оқыды. Саналы, өскелең ұрпақ тәрбиелеу-әрбір тәрбиешінің міндеті. Баланың ой-өрісін дамытуға, олардың қиялына қанат бітіріп, тіл байлықтарының молаюына балабақша тәрбиешілерінің сіңіретін еңбегі орасан зор. Бала тәрбиесі отбасынан бастау алды десек те, ғылымға негізделген әдіс – тәсілмен берілетін тәлім – тәрбие ісі көбінесе балабақшадан басталып, жан – жақты педагогикалық өрісін табады. Әсіресе балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы ізгілікті әсер етіп, мағынасы өшпейтін із қалдырады.

Балабақша жасындағы балаларды жан-жақты дамыту кезінде ертегінің алатын ролі өте зор. Ертегі – қай халықтың фольклорында да ертеден келе жатқан көне жанрлардың бірі. Ол ұрпақтан-ұрпаққа тараған мол мұра. Ертегіден халқымыздың ертеңге деген сенімі, арман тілегін, қиялын, даналығын, ғасырлық өмір тәжірибесін көреміз. Ертегінің қай түрін алсақ та ол баланың ой қиялын ұштайды. Мінез-құлқын, ерік-жігерін, сөйлеу қабілетін, тілін дамытып, сөздік қорын қалыптастырады. Баяндама қоса тіркелді.

Тыңдалды: Үшінші мәселе бойынша тәрбиешілер өз ойларын айтып өтті

Мектеп жасына дейінгі баланы дамытатын, өсіретін, әрі тәрбиелейтін де негізгі іс – әрекет ойын. Ойын арқылы бала қоршаған ортамен, адаммен, олардың еңбегімен, қарым – қатынасымен танысады. Ойын арқылы олардың ой-өрісі дамиды. Ойын үстінде балалар әртүрлі рөлде жолдастарымен қарым – қатынас жасауға, ойын үстінде ойлана отырып жауап беруге, қиялдауға, елестетуге қабілеттері қалыптасады. Сөздік ойындары балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамытады. Ойыншықтарды пайдалана білуге үйренеді.

Арнайы ойын ұйымдастырылған оқу іс – әрекетінің мазмұнына қарай танымдық, дамытушы ойындарды, тапсырмаларды қолдану, балаларды заттарды бір – бірімен салыстыруға, оларды қасиетіне қарай ажыратуға және оны танып білуге үйретеді. Сөйтіп бала топтағы жасына сәйкес бағдарламалық міндетті меңгереді.

Ойын ұйымдастыруда балаларға жетекші бола отырып, ойнай білуге, ойын ережесін сақтауға, әрі оларды ойната отырып ойлануға бағыттайды, заттың атын немесе қасиетін есінде сақтап қалуға жол ашады, ойынға қызықтыра отырып зейінін, қиялын дамытады. Заттармен ойналатын ойындар: «Ғажайып қапшық», «Қай ағаштың жапырағы?» т.б.

Үстел үсті ойындарды ұйымдастыруда домино, лото, суреттер қолданады. Мысалы: «Суретті құрастыр», «Қандай затқа ұқсайды», «Бір сөзбен ата», «4-не артық?» т.б.

Ойындарды қарапайым математикалық ұғымды қалыптастыру сабағында пайдалану балалардың алған білімін күнделікті өмірімен ұштастыруға қолайлы. Ойын сабақтың мазмұнын байыта балалардың қиялдарын қозғап, зейіндерін кеңейте түседі. «Санамақ», «Он саусақ» өлеңдерін жаттатып, мазмұнын түсіндіру арқылы балалардың тілін ұстартып, логикалық ой – жүйелерін қалыптастыруға болады. Балалардың белсенділігін арттыра түсу мақсатында әрбір сабақты түрлендіріп өткізу орынды.

Ойындарды үнемі пайдалану арқылы балалардың ауызша есептеуге жаттығуына логикалық ой-жүйелерін жетілдіруге, түсінуге толық мүмкіншілік бар. Олардың қатарына халық ойындарын жатқызуға болады. Атап айтқанда, «Қай қолымда?», «Қанша тұяқ?», «Неше жапырақ?» т.б.

Ойын баланың алдынан өмірдің есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін оятып, бүкіл өміріне ұштаса береді. Сонымен қатар, ойын – тынысы кең, ойдан-ойға жетелейтін қиялымен қанат бітіретін осындай ғажайып нәрсе ақыл-ой жетекшісі, денсаулық кепілі, өмір тынысы.

Балалардың ой-өрісін дамытатын «Санамақ» ойыны. Оның басты ерекшелігі баланың ойлау қабілетін жетілдіру. Атау ұйқастарын санау арқылы бала сан үйренеді, санға аты ұйқас заттарды танып біледі.

Балалардың ой белсенділігін, саналы ойлана білуін дамыту, жетілдіру – тәрбиешінің негізі міндеті. Ойын баланың ойлау қабілеті мен сөздік қорын дамытуға, дағды мен шеберлікті меңгеруге, қиындықты жеңуге, төзімділікке баулиды.

Балалардың ойлау қабілетін дамытуға сөзжұмбақ, ребус, «Ұйқасын тап» ойындарының әсері мол. Мысалы, «Ұйқасын тап» ойыны арқылы баланың білсем деген ұтымы артып, қызығып, белсенділігі танылады.

- 1.Өзінше,ноян Қорқақ кім? (қоян)
- 2.Тұмсығымен шымшып Құрт тереді ... (шымшық)
- 3.Батаалмас түлкі,Үсті тікен (кірпі)
- 4.Өңешікеңтаңдайын,Дөнге тосты ... (комбайын)

Қазақтың ұлттық ойындарын қолдану. Мысалы, «Сақина салу», «Ақсүйек» т.б. Ребустар шешудің баланың ой ұшқырлығын дамытуға әсері мол. Баланы ұшқыр ойға, тапқырлыққа жетелейтін жұмбақтарды әр оқу қызмет сайын жүйелі пайдалану керек. Оқу қызметте балаларға жұмбақтарды жатқа айтқызудың өзі тілін жаттықтырады.

Қызығушылықты туғызу үшін ойын түрлерін пайдаланудың орны бөлек. Тиімді қолданылатын ойын түрлері тәрбиешінің түсіндіріп отырған материалын балалардың зор ынтамен тыңдап, берік меңгеруіне көмектеседі. Ойын – балалар әрекетінің негізгі түрі, сондықтан ол бала өмірінде тәрбие мен білім берудің шешуші шарты болып табылады. Бала өзін қоршаған ортаны, адамдар арасындағы қарым – қатынасты білуі мен сезінуі ойын негізінде жүзеге асады.

1. Ойынның мақсаты нақты қойылып, керекті көрнекіліктер мен материалдар күнілгері дайындалып, оңтайлы жерге қойылуы керек.
2. Ойынға кірісер алдында оның жүргізілу тәртібі балаларға әбден түсіндірілгені жөн.

Ойынға топтағы балалардың түгел қатысуын қамтамасыз ету керек.

Ойынның барысында тәрбиеші балалардың түгел қатысуын қадағалаумен қатар, олардың ойын үстінде шешім қабылдай білуіне, ойлана білуіне жетелеуі керек.

Ойын түрлерінің ұйымдастырылған тақырыбы мен мазмұнына неғұрлым сәйкес алынса оның танымдық, тәрбиелік маңызы да арта түседі. Оны тиімді пайдалану сабақтың әсерлігін, тартымдылығын күшейтеді, балалардың сабаққа ынтасы мен қызығушылығын арттырады.

Ғұлама ғалым ағартушы Ахмет Байтұрсынов: «Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» деген екен. Білім беру ісіндегі бүгінгі күннің өзекті мәселесі ел ертеңін ойлайтын білімді де, білікті зейінді дезерделі ұрпақ тәрбиелеу. Балаларды мейірімділікке, әділеттілікке, әдептілікке тәрбиелеу.

Тыңдалды:Төртінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі М.Усербаева

«Математикалық негіздерін оқу қызметінің бөлімдерінің дұрыс орындалуы»

тақырыпты тексеру қорытындысын айтып өтті. Бала ерте жастан бастап-ақ нәрселердің жиынтығын, дыбыстардың, қозғалыстардың жиынын әр түрлі анализаторлар арқылы (көру, есту және т.б.) қабылдай отырып, олармен танысады, бұл жиынтықтарды салыстырады, оларды бір-бірінен саны жағынан айырады.Оқу процесінде бала жиындардың теңдігі мен теңсіздігін көрсету әдістерін меңгереді,санды сандық сөзбен атауды үйренеді. Алдымен элементтердің белгісіз мөлшері туралы, ал сонан соң бүтін бір бірлік түріндегі жиын туралы түсінік қалыптасады. Осы негізде жиындарды салыстыруға және ондағы элементтердің санын барынша дәл анықтауға деген талпыныс өседі; бірте –бірте бала есептеуге дағдыланады және сан ұғымын меңгереді. Мұның бәрі ересектердің

басшылығымен және өзіндік оқу ойындық сипаты бар практикалық әрекеттер үстінде іске асады.

Бала, сондай-ақ нәрселерді мөлшеріне, түсіне, формасына, кеңістікте орналасуына және басқа белгілеріне қарай ерте-ақ ажырата бастайды. Ол үлкендерге еліктеп, дөрекі түрде нәрселерді өлшеуге әрекеттенеді, алдымен біреуін екіншісіне беттестіріп, сонан соң көзмөлшермен және шартты түрде қабылданған өлшеуіштің көмегімен өлшейді.

Бала өз бетімен жүре бастасымен –ақ кеңістікпен және заттар арасындағы кеңістіктік қатынастармен әсерлі түрде танысады: ол өзін қызықтырған затқа не жақындай түседі (еңбексіз емес), не одан аулақтай бастайды. Бір нәрсе баланың дәл алдында тұрса, басқалары оның артында немесе оң жағында не сол жағында тұрады. Оқыту баланың жақын- алыс және басқа сол сияқты сөздердің мағыналарын ерте меңгеріп алуына мүмкіндік жасайды. Бала практикада нәрселердің кеңістікте орналасуын өзі де бағдарлай алады, ал ересектердің басшылығында алдымен нәрселерді өзіне қатысты, кейін оның басқа нәрселерге қатысты орналасқан жерін сөзбен анықтап беруге үйренеді (куыршақтың оң жағындағы –қонжық, ал сол жағында –қоян).

Біртіндеп балада әлі де өте нақты болмаса да жақын және алыс кеңістіктер туралы қарапайым түсініктер пайда болады (ол өзі қыдырып жүрген бақ-жақын, ал папасының жұмысы -өте алыс). Осы сияқты нақты түсініктерге сүйене отырып, өз тәжірибесі мен ересектердің оқытуы нәтижесінде бала біртіндеп кеңірек жалпылауға дейін келеді: мектепке дейінгіересек жастағыларға кеңістіктің өлшемі уақыт бола бастайды («Қара теңіз сондай алыс, оған поездбен немесе самолетпен ұшып бару керек»).

Кішкентай бала нәрселермен әрекет ете отырып, олардың кеңістіктік қатынастарын ерте түсіне бастайды: ол қол орамалды қалтасына салды, куыршақты столға жақын әкеліп отырғызды, қонжықты диванның үстіне қойды. Өзі папасы мен мамасының ортасына барып отырды, пальтоны киім ілгіштен алды және басқа. Балалар өздерінің айналасындағылардан заттардың арасындағы кеңістік қатынастарды білдіретін көмекші сөздер мен үстеулерді үйреніп алады, алайда бұл көмекші сөздер мен үстеулердің жалпыланған мағынасы олардың ерекше назар аударарлық нәрсесі болады, ал мәнін түсінуі тек оқу нәтижесінде іске асады.

Тыңдалды: Төртінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Г.Муртазаева сөз алды. Ол өз сөзінде ересек топ тәрбиешісі А.Ағайдарова «Біздің көшедегі машиналар» ұйымдастырылған оқу қызметінде көлік түрлері және олардың қолданатын түрлеріне тоқталды. Оқу қызмет барысында ойындар ұйымдастырып, балаларды шығармашылық орталығына алып барып, сурет салғызды, мүсіндетті және көлік түрлерін құрастыртты. Ортаңғы топ тәрбиешісі С. Құрбанбекова «Суретші қыс» ашық оқу қызметінде қыс мезгілінің ерекшеліктері және табиғаттағы өзгерістер жайлы түсіндірді. Қарды тәжірибе жүзінеде жасатып, қысқы табиғатты бейнелетті, кіші топ тәрбиешісі А.Құлмұратова «Ұшады, ұшпайды» ашық ұйымдастырылған оқу қызмет барысын ойын түрінде ұйымдастырып, балабалаға сұрақтар қою арқылы құстар, өлі табиғат және ұшатын заттар туралы айтып түсіндірді. Ерте жас тәрбиешісі Г.Лесбаева «Дәрігер

Айболит» ашық ұйымдастырылған оқу қызмет барысында мамандықтардың ішіндегі дәрігер мамандығы туралы балаларға түсіндіріп, дәрігердің пайдасы туралы көрнекі құралдармен көрсетті. Дәрігерлер құралдарын балаларға таныстырды.

Шешімі:

1. Өткен кеңестің шешімдері орындалсын.
2. Ертегілер арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың тілдері дамытылып, оқу қызмет барысынан басқа кездерде де ертегілер қолданылсын.
3. Тәрбиешілерге балалармен бірге ойнау ұсынылды.
4. Математикалық негіздері оқу қызметінің бөлімдерінің дұрыс орындалсын.
5. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтердегі айтылған ұсыныстар бойынша жұмыстар жүргізілсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы:



М.Усербаева

Хатшы:



А.Ағайдарова

Педагогикалық кеңестің

Кезектен тыс № 3 Хаттамасы

2021 жыл «»қаңтар

Онлайн режимінде

Қатысқандар: 8

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Балалардың құзіреттілігін дамытуға мониторингті пікір алмасу.
3. «Балабақша мен отбасының бала тәрбиесіндегі қарым-қатынасы» (баяндама).

Тыңдалды: бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі М.Усербаева сөз алды. Қазіргі заман талабына сай оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру, яғни әр баланы жеке тұлға ретінде қабылдап, мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді ойына, бойына шақ әдеби мұралармен сусындатып тәрбиелеу, тәрбиешінің алға қойған міндеті. Айналадағы дүниені, табиғатты бақылап түсіндіріп әрдайым жаңа сөздерімен, сөздік қорын толықтырып отыру қажет. Міне осы жайыттарды негізге ала отырып, тәрбиешілер баланың тілін жетілдіруде жұмыстар жүргізіліп келеді.

Екінші мәселе бойынша тәрбиеші Л.Жекенова сөз алды. Өз сөзінде мектепке дейінгі білім беруде сапалы қызметті қамтамасыз етуде мектепке дейінгі жастағы балалардың біліктері мен дадыларын дамытудың маңызы зор. Мониторингтер білім беру салалары бойынша баланың жасына сәйкес күтілетін нәтижелер баланың әр жас талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған. Баланың күтілетін нәтижелерге жету педагогтың баланың дамуын үнемі бақылауы яғни диагностика арқылы іске асырылады. Мониторинг баланың біліктілігі мен дағдыларының даму динамикасын оның түзеуді қажет ететін ерекшеліктерін ашуға, өзара әрекет ету тәсілдерін өзгертуге, педагог тарапынан қамқорлықпен көңіл бөлуді ықпал ететін арнайы ұйымдастырылған жүйелі бақылау ретінде қарастырылған мониторинг баланың түрлі кезеңдердегі біліктері мен дағдыларының даму динамикасын

анықтауға, педагогтың алдағы іс – әрекетін жоспарлауға мектеп жасына дейінгі баланың жеке дамуына қажетті жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік береді. Пікір алмасу барысында педагогтар өз ойларын білдірді.

Үшінші мәселе бойынша тәрбиеші С.Қурбанбекова сөз алды. «Балабақша мен отбасының бала тәрбиесіндегі қарым-қатынасы» тақырыбында онлайн режимде баяндама оқыды. Бала тәрбиесі ана сүтінен басталып, біреудің біреуге ықпалы арқылы өмір бойы қалыптасатын күрделі құбылыс. Тәрбиенің алғашқы бастамасы отбасында болса жалғасы балабақшамен байланысады, яғни бала тәрбиелене отырып білім алады. Отбасы адамзат қоғамының ең шағын бейнесі. Қоғамда отбасы екі қызмет атқарады, оның бірі дүниеге ұрпақ әкелу дүниеге сәбиді тәндік жағынан дамуды қамтамасыз етіп өмір бойы рухани жағынан жетілдіріп оны тұлға ретінде қалыптастыру. Отбасы тәрбиесі қоғамдағы өзгерістер мен тығыз байланысты, сондықтан қоғам мүддесіне қызмет етуі тиіс. Отбасы ең алғашқы тұлғаны дамытатын әлеуметтік орта. Отбасында баланың тұлғалық қасиетіне ықпал ететін көптеген жағдайлар болады. Мәселен отбасы мүшелерінің мәдени деңгейі баланың түрлі әлеуметтік құндылықтарды игеуге игі әсерін тигізеді. Отбасындағы жас ұрпақтың тұлғалық қасиеттерін қалыптасуына ата-ананың, отбасы мүшелерінің қарым-қатынасындағы мейірімділік пен махаббат қажет. Толық мәнді отбасы болуы үшін ата-ананың және басқа отбасы мүшелерінің береке-бірлік түсінікті сақтауы сонымен қатар әр отбасы мүшесінің құқығы қорғалуы тиіс. Тек осындай ізгілікті мұраттар отбасында орын алғанда ғана Отанын, елін, жерін сүйетін, өз ұлтының салт-дәстүрін, сонымен бірге жалпы адамзаттық мәдени құндылықтарды бойына сіңіріп, өзінің кісілік келбетін сақтай алатын тұлға тәрбиелеуге болады. Бала отбасынан жақсыны да, жаманды да бойына сіңіреді. Сондықтан халқымыз «Бала ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дегендей бала тәрбиесі оның дүниеге келгенінің алғашқы күнінен басталады. Адамзат ұрпағына отбасының аса құнды ықпалы мен әсерін өмірдегі басқа еш нәрсені күшімен салыстыруға болмайды. Балаға ата-ана тәрбиесінің орнын ешнәрсе толтыра алмайды. Яғни елдің ер азамат тәрбиелеу, ең алдымен, отбасына жүктеліп отыр. Отбасы адам баласына өсіп өнер қазтұрар, қанатқағар ұяның алтын бесігі. Ол бала үшін бір әлем. Осы әлемде бала алғаш өмірімен қарым-қатынас жасап, өмірді сүюді қиындыққа көнуді, қуаныуды, қайғыда ортақ болу керек екенін ұғынып өседі. Отбасындағы күнделікті тұрмыс қажеттілерін қамтамасыз етуден туындайтын еңбек баланы әлеуметтік қатынасқа түсіріп, оны ересек өмірге тәрбиелейді. Отбасы тәрбиесі кешенді педагогикалық мақсаттылық арқылы әске асады. Сондықтан кез келген педагогикалық тәрбие отбасымен қарым-қатынас жасамай іске аспайды. Балабақшада оқу-тәрбиесінде басты мақсаты ата-анамен тығыз

байланыста жұмыс жүргізу болып саналады. Бұл барлық педагогтарға түсінікті жай, дегенмен әлі күнге дейін балабақша мен ата-аналармен жұмыс жүргізу қазіргі күннің өзекті мәселесі болып тұр. Балабақша ұжымы тәжіірбелі педагогтардың жұмысының арқасында бүлдіршіндерге ең жақын адамдардың бізбен бірге бірлесе отырып тәрбие ісіне араласуына атсалысып жұмыс жүргізуіміз керек екендігін ұғындыру біздің басты міндетіміздің бірі екенін естен шығармауымыз керек.

Педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. Өткен кеңестің шешімдері орындалсын.
2. Балалардың құзіреттілігін дамытуға мониторингті пікір алмасу жұмыстары жүргізісін.
3. Қаралған мәселелерден қорытынды шығарылсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы:



М. Усербаева

Хатшы:



А. Ағайдарова

«Ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы оқу қызметтің тиімділігін арттыру»

Білімді адам — білмегенін қайдан табатынын білетін адам»
Георг Зиммель

Балабақшада ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану қазіргі заманғы мектепке дейінгі білім берудің өзекті мәселесі болып табылады. Мұндай технологияларды оқу іс-әрекеті процесіне енгізудің маңыздылығы мен қажеттілігін халықаралық сарапшылар ЮНЕСКО дайындаған «Байланыс және ақпарат бойынша дүниежүзілік баяндамасында» атап өтті. Елімізде соңғы 5 жылда мектепке дейінгі мекемелерде интернет-технологиялардың жедел дамуын айқындайтын бірқатар іс-шаралар өтті. Слайдта мектепке дейінгі білім берудің электрондық ресурстар жүйесін қалыптастырудың алғы шарттары көрсетілген.

Қазіргі уақытта біздің елімізде азаматтардың барлық санаттары үшін ақпараттың қолжетімді болуымен және осы ақпаратқа қолжетімділікті ұйымдастырумен байланысты ақпараттық қоғамды дамыту стратегиясы жүзеге асырылуда. Сондықтан ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану білім берудің басым бағыттарының бірі болып табылады. Білім беру жүйесін ақпараттандыру мұғалімге және оның кәсіби құзыреттілігіне жаңа талаптар қояды. Мұғалімнің коммуникативті құзыреттілігі әртүрлі форматтағы: ауызша, жазбаша, пікірталас, көрнекілік, компьютерлік, электронды коммуникацияларды құру қабілетін болжайды. Мұғалім компьютерді және заманауи мультимедиялық құрал-жабдықтарды пайдаланып қана қоймай, өзінің оқу ресурстарын жасап, оларды педагогикалық қызметінде кеңінен пайдалана білуі керек.

Сыныптардағы компьютерлер енді сирек, экзотикалық нәрсе ретінде қабылданбайды, бірақ балабақшада олар әлі мұғалімдердің жақсы игерілген құралына айналған жоқ. Бірақ жыл сайын заманауи ақпараттық технологиялар біздің өмірімізге көбірек енуде. Демек, мәдениет пен білімнің ұйытқысы ретінде мектепке дейінгі білім беру мекемесі де шетте қала алмайды.

Ақпараттық технология тек компьютерлер және олардың бағдарламалық қамтамасыз ету ғана емес. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар дегеніміз компьютерді, интернетті, теледидарды, видеоны, DVD, CD, мультимедианы, аудиовизуалды жабдықты, яғни қарым-қатынастың кең мүмкіндіктерін көрсете алатын барлық нәрселерді пайдалануды білдіреді. Компьютерлік технологияны қолдану мыналарға көмектеседі:

- пассивті тыңдаушыларды белсенді жұмысқа тарту;
- оқу әрекетін көрнекі және қарқынды ету;
- балалардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыру;
- танымдық қызығушылықты белсендіру;
- оқушыға бағытталған және сараланған оқыту тәсілдерін енгізу;
- мұғалімнің өзін тәртіпке келтіру, оның еңбекке деген қызығушылығын қалыптастыру;
- ойлау процестерін белсендіру (анализ, синтез, салыстыру, т.б.)

Интерактивті материалдардың келесі түрлерін де ажыратуға болады:

- Фото;
- Бейнелер;
- Бейне фрагменттері (фильмдер, ертегілер, мультфильмдер);
- Презентациялар (электрондық кітаптар, электронды көрмелер);
- Балалардың оқу компьютерлік ойындары;
- Сандық фотосуреттер мен мультфильмдер топтамаларын жасауға болады.

Интерактивті материалдарды пайдаланудың артықшылықтарына тоқталайық.

Бұл материалдар:

- иллюстрациялық материалдың көлемін ұлғайту арқылы материалды қабылдауды арттыруға мүмкіндік беру;
- GCD кезінде түзетулер енгізуге, өзара әрекеттесу кезінде балалардың бірлескен жұмысын жүргізуге, бала мен мұғалім арасындағы интерактивті қарым-қатынасты жүзеге асыруға мүмкіндік береді;
- мультимедиялық презентацияларды пайдалану материалды қабылдауға және жақсы есте сақтауға ықпал ететін визуализацияны қамтамасыз етеді, бұл мектеп жасына дейінгі балалардың көрнекі-бейнелі ойлауын ескере отырып, өте маңызды;
- графикалық, мәтіндік, аудиовизуалды ақпарат бір уақытта қолданылады;
- анимацияны пайдалану және бейне фрагменттерін кірістіру кезінде динамикалық процестерді көрсетуге болады;
- компьютерді пайдалана отырып, оқу іс-әрекеті кезінде көрсетуге немесе күнделікті өмірде көруге болмайтын немесе қиын өмірлік жағдайларды модельдеуге болады (мысалы, жануарлардың дыбыстарын шығару; көліктің жұмысы және т.б.);
- әсіресе ойын түрінде түсіндіру мен бекітудің жаңа тәсілдерін қолдану балалардың еріксіз зейінін арттырады, ерікті дамытуға көмектеседі;
- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, тікелей оқу іс-әрекеті балаларды ізденушілік және танымдық іс-әрекетке, оның ішінде Интернетте өздігінен немесе ата-аналарымен бірге іздеуге ынталандырады;
- тікелей оқу әрекетінің жоғары динамикасы материалды тиімді меңгеруге, балалардың есте сақтауын, қиялын, шығармашылығын дамытуға ықпал етеді.
- GCD үшін және стендтерді, альбомдарды, топтарды, кеңселерді безендіруге арналған иллюстрациялық материалды таңдау (сканерлеу, Интернет; принтер, презентация).
- Дидактикалық ойындарды құру.
- ЖКД үшін қосымша танымдық материалды таңдау, мерекелер мен басқа да оқиғалардың сценарийлерімен танысу.
- Тәжірибе алмасу, мерзімді басылымдармен танысу, Ресейдегі және шетелдегі басқа мұғалімдердің әзірлемелерімен танысу.
- Топтық құжаттаманы, есептерді ресімдеу. Компьютер есептерді және талдауларды әр уақытта жазбауға мүмкіндік береді, бірақ диаграмманы бір рет теріп, содан кейін қажетті өзгерістерді енгізу жеткілікті.
- Балалармен жүргізілетін оқу іс-әрекетінің тиімділігін және ата-аналардың педагогикалық құзыреттілігін арттыру үшін Power Point бағдарламасында презентациялар құру. Презентацияның келесі түрлері бар:
 - Тақырыпты көрсету немесе мұғалімнің түсіндірмесіне сүйемелдеу ретінде;
 - Шағын театрландырылған көріністерді немесе балалардың ертегілерін көрсетуді сүйемелдеу үшін;
 - Балаларға арналған мерекені сүйемелдеу немесе білімді бақылау және т.б.
 - Концертті сүйемелдеу үшін
 - Ата-аналар жиналысы үшін

АКТ қолдануда ата-аналармен жұмыс ерекше орын алады:

1. Байланыс субъектілерінің ақпаратқа қол жеткізу уақытын азайту;
2. Кез келген құжаттарды, фотосуреттерді көрсету мүмкіндігі;
3. Қарым-қатынас пәніне жеке көзқарасты қамтамасыз ету;

4. Жеке жұмыстың топтық жұмыспен оңтайлы үйлесуі;
5. Ақпарат көлемінің өсуі;
6. Қарым-қатынас субъектілері арасындағы диалогты қамтамасыз етеді (электрондық пошта, форум);
7. Ақпаратты жедел алу;
8. Ақпарат ағындарын кеңейту;
9. Ата-аналар жиналысында АКТ қолдану.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудың барлық артықшылықтарына қарамастан, оларды пайдалану кезінде бірқатар проблемалар бар. Ең алдымен, бұл нәрестелерді компьютерді ерте пайдалануға үйреткенде пайда болатын денсаулыққа нақты қауіп.

Осы технологияларды пайдалану кезінде тәрбиеші, ең алдымен, мектепке дейінгі мекемелердің құрылымына, сақталуына және жұмыс режиміне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды басшылыққа алуы керек (СанPin 2.4.1.2660-10): «12.21. 5-7 жастағы балаларға арналған компьютерлерді пайдалана отырып, тікелей оқу іс-шаралары күніне бір реттен жиі емес және аптасына үш реттен көп емес жұмыс қабілеттілігі жоғары күндері: сейсенбі, сәрсенбі және бейсенбі күндері өткізілуі керек. Компьютермен жұмыс істегеннен кейін балаларға көзге арналған гимнастика беріледі. 5 жастағы балалар үшін оқу ойындары түріндегі компьютермен жұмыстың үздіксіз ұзақтығы 10 минуттан және 6-7 жастағы балалар үшін 15 минуттан аспауы керек. Для детей, имеющих хроническую патологию, часто болеющих (более 4 раз в год), после перенесенных заболеваний в течение 2-недель продолжительность непосредственно образовательной деятельности с использованием компьютера должна быть сокращена: для детей 5 лет - до 7 минут, для детей 6 лет - до 10 минут.

Тікелей компьютерлік технологияны пайдалана отырып, оқу іс-әрекетін орындау барысында балалардың шаршауын азайту үшін жұмыс орнын гигиеналық тұрғыдан ұтымды ұйымдастыруды қамтамасыз ету қажет: жиһаз баланың өсуіне, жарықтандырудың жеткілікті деңгейіне сәйкес келеді. Бейне монитор экраны көз деңгейінде немесе сәл төмен, 50 см-ден жақын емес қашықтықта болуы керек. Көзілдірік киген бала ондағы компьютерде оқуы керек. Екі немесе одан да көп баланы бір уақытта оқу үшін бір компьютерді пайдалануға жол берілмейді. Балалардың компьютерді пайдалана отырып оқу іс-әрекеті мұғалімнің немесе тәрбиешінің (әдіскердің) қатысуымен жүзеге асырылады».

Баяндама

«Ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалануарқылы оқу қызметтің тиімділігін арттыру»

Әдіскер : Г.Муртазаева

2021-2022 оқу жылы

«Балабақшадағы дене шынықтыру, сауықтыру, спорттық мерекелерді ұйымдастыру маңыздылығы»

«Тәуелсіз ел тірегі- білімді ұрпақ, дені сау, жан-жақты дамыған салауатты ұрпақ». Сондықтан, ұрпағымыздың болашағы жарқын да кемел болуына ат салысып, дені сау, шыныққан бүлдіршіндер тәрбиелей берейік.

Жаңа стандарт негізінде мектеп жасына дейінгі баланы шынықтыру-сауықтыру шаралары «Денсаулық» білім беру саласында көрсетілген.

Жас ұрпақты жан – жақты дамыған, ой — өрісі биік, тұлғасы сымбатты азамат етіп өсіру үшін тәрбие жүйесінде дене тәрбиесінің алар орны орасан зор. Ал оны неғұрлым ерте кезінен бастап, дұрыс жолға қойып жүргізсе, соғұрлым нәтижесі жемісті болатыны анық. Өйткені болашақ азаматтың денсаулығы мықты, мүсін тұлғасы дұрыс қалыптасқан, жігерлі де қайратты болып өсуіне, көпшілдік дағдыларын бойына терең сіңіруіне нақ осы мектепке дейінгі кезеңде тереңірек көңіл бөлінсе, дұрыс негіз қаланады. Қазақтың кемеңгер ақыны, ұлтының бақыты үшін өз бойындағы бар дарыны мен білгенін аямай, дене тәрбиесіне зор көңіл бөлген Мағжан Жұмабаев: «Дене тәрбиесіне жеңіл қарауға болмайды. Дене жанның қабы. Қап берік болса ішіндегі заты берік болмақ. Дене жанның құралы. Құралы мықты болса иесі де мықты.

Сау жан – сау денеде ғана болады» — деген. Сондықтан да бүлдіршіндер ағзасының қызметін жетілдіру, денсаулығын жақсарту, жүйкенің жұмысын дұрыс қалыптастырып, ширақ, жігерлі, икемді, сымбатты етіп өсіру, міне, осының барлығын ғылыми негізде тәрбиенің басқа түрлерімен ұштастыра жүргізу – балабақшалардың негізгі мақсаты мен алға қойған үлкен міндетінің бірі. Бала денсаулығының мықты болып , қозғалыс,дене құрылысының дұрыс жетілуі мектеп жасына дейінгі кезеңде қалыптасады. Сондықтан , бала ағзасының қызметін жетілдіру қабілетін арттыру осы кездегі ең басты міндет болып табылады. Бұл міндеттердің маңыздылығы мынада; ағзаның қорғаныс қабілеті нашар қалыптасқан кішкентай балалар сыртқы ортаның қолайсыз әсерлеріне тез ұшырайды.Сондықтан сүйектің, буынның дұрыс әрі өз мерзімінде жетілуіне, бел омыртқаның физиологиялық иіндерінің қалыптасуына, табан дөңістерінің дұрыс жетілуіне, тыныс алудың тереңдігі мен ырғақтылығы тыныс алуды қозғалыспен үйлестіруге мүмкіндік жасап, үнемі ықпал ету қажет.

Балабақшадағы дене шынықтыру – сауықтыру, спорттық мерекелердің ұйымдастыру маңыздылығы

Балабақшада өткізілетін дене шынықтыру-сауықтыру және спорт шараларының негізгі түрлері: Денсаулық және спорт күндері.

Денсаулық және спорт күндерін өткізу балабақшаның оқу-тәрбие жұмыстарының жылдық жоспарына жазылып, оның өтетін уақыты көрсетіледі.

Денсаулық және спорт күндері тоқсанына 1 рет сабақтан босатылып, ал айына бір рет сабақтан тыс уақытта немесе каникул кезінде міндетті түрде өткізіледі. Денсаулық және спорт күндері мектепке дейінгі топтарда 2-3 сағат, 5-8- топтарда 3-4 сағат, жоғары топтарда 4-5 сағат шамасында өткізіледі. Жарыстардың өтетін уақыты жергілікті ауа райына, балабақшаның мүліктік қорына, тұрғылықты халықтың әдет-ғұрпына т.б. байланысты белгіленеді. Денсаулық және спорт күндерін 1-4, 5-8, 9-11- топтарда бөлек немесе барлығын бір күнде өткізуге болады. Командаларды басқаруға, төрешілікке барлық педагогикалық ұжым, ата-аналар т.б. жұмылдырылады. Жарыс бағдарламасына әр түрлі спорттық қозғалмалы ойындарды, жаяу, шаңғы саяхаттарын, жарысқа шық жас ұлан, жүгіру, секіру, лақтыру күндерін, эстафеталарды шанамен, шаңғымен, конькимен сырғанауды кіргізуге болады.

Жарысты ойдағыдай өткізу үшін қажетті құрал жабдықтарды, – төрешілерді, нұсқаушыларды, үгіт-насихат жұмыстарын, өтетін орындарын, алдыңғы қатарлы спортшыларды марапаттау жұмыстары алдын-ала дайындалады. Денсаулық және спорт күні балабақшадағы ең бір үлкен мейрам болып саналады, сондықтан салтанатты түрде ашылады, оған атақты спортшылар шақырылып, олардың өнері көрсетілед. Жарыстың қорытындысы шығарылып, жүлдегерлер марапатталады. Жарыстың басталуы және қорытындысы ата-аналарға, қоғамдық ұйымдарға, балаларға радио арқылы хабарланады. Ұйымдастыру жұмыстарын балабақша директоры, оның орынбасарлары және дене тәрбиесінің тәрбиешілері басқарады. Балалардың жарысқа қатысуын топ жетекшілері, бастауыш топтың тәрбиешілерімен басқа да балабақша қызметкерлері төрешілікке қатыстырылады.

Дене тәрбиесі тәрбиеші сабағынан уақытша босатылған балалар мерекеге міндетті түрде қатысып, төрешілерге мүмкіндігінше көмектеседі, бірақ олар жарыстардан және жорықтардан босатылады.

Денсаулық күнінің негізі оның бұқаралығында, сондықтан мерекелерге барлық балалар қамтылады. Денсаулық және спорт күндерін театр, кино, көрме т.б. кездесулерге пайдалануға тыйым салынады.

Денсаулық және спорт күндерін өткізудің мазмұны.

I тоқсанда. Ауа райына байланысты бұл айларда денсаулық және спорт күндері таза ауада өткізіледі. Орта топтарда жаяу жорықтар, қозғалмалы ойындар эстафеталар т.б., орта және үлкен топтарда туристік жорықтар, жер белдеріне байланысты бағыт анықтау жарыстары, саяхаттар, спорттық және қозғалмалы ойындар, күн жылы аймақтарда жүзу, өзендер мен көлдерде шомылу, ат спорты т.б. ұлттық ойындар өткізіледі.

II тоқсан – қараша-желтоқсан. Аймақтардағы ауа райы және балабақшадардың мүліктік қорына байланысты гимнастикалық эстафеталар жаяу және шаңғы жорықтары, бір орында тұрып ұзындыққа, биіктікке секіру, арқанға өрмелеу, кермеде тартылу, нығыздаған доп лақтыру сияқты залда ұйымдастырып, жеңімпаздарды марапаттау, ойын түрлерінің қорытындысы шығару балабақша қауымының міндеті.

III тоқсан – қаңтар – ақпан. Бұл мерзімде жарыстар негізінен спорттың қысқы түрінен өткізіледі 1-2- топтарда алдын-ала дайындалған қар төбешіктерінен шанамен сырғанаудан топ аралық, жекешілік жарыстар өтізілсе, 3-4- топтарда шаңғы, коньки жарыстары және қозғалмалы

ойындар өткізіледі. Жоғары топтарда шаңғы, коньки жарыстарымен, шанамен 1-2 күндік жорықтар өткізіледі. Денсаулық күнінде өткізілетін ойындардың түрлері жалпы білім беретін балабақша балаларының дене тәрбиесі бағдарламасында көрсетілген.

Жарыстар наурыз айында өткізілсе, ауа райының қолайлығына байланысты ойындарды таза ауада өткізуге болады. Жарыс бағдарламасына шаңғы, коньки, хоккей, төбешіктен шанамен сырғанау, спорттық және қозғалмалы ойындарды енгізуге болады. Ойындар мен эстафеталардың әр түрлері ұсынылады.

Спорттық жарыстар.

Спорттық жарыстардың негізі жеңіл атлетикалық көп сайыстардан, дала жарысынан, футбол, баскетбол, волейбол, гандбол, асық, ат, бес тас, күрес эстафеталарымен қоса ережесі бар қозғалмалы ойындардан, шаңғы, коньки жарыстарынан тұрады. Бұл ойындар мен спорт түрлері балабақшаның мүліктік қорына, ұлт ерекшелігіне, тұрғылықты халықтың әдет – ғұрпына байланысты жоспарланып, алдын-ала тәрбиешілер кеңесінде бекітіледі-Жарыстар І- топтарда 2-2,5с. ІІ топтарда 3-3,5с. жоғары топтарда 4 сағат шамасында өткізіледі. Жарысқа қатысатын әр баланың дәрігерден алған рұқсат қағазы, жарысқа дайындығы алдын-ала төрешілер комиссиясы анықтайды-Спорттық киімі жоқ балалар жарысқа қатыстырылмайды Туристік жорықтар. Төменгі сынын балалары үшін бір күндік жорықтар 3-4 шақырым қашықтыққа өткізілсе, 10-11 жастағы балаларға 6 шақырым қашықтыққа бір күндік жаяу жорықтар ұйымдастырылады. 12-14 және 15-17 жастағы балаларға 12-15 ишқырымға 2-3 күндік жорықтарға шығуға рұқсат етіледі. Жорықтың қай түрі болмасын оған мұқият дайындалу қажет, балалардың киімімен, иыққап, ыдыс-аяғын, дәрі-дәрмегін, тамағын жорық басқарушылары алдын ала тексереді. Жорықта дәрігер, жорық кескіндемесі және бағдар жоспары міндетті түрде болады. Бұл құжаттар балабақша директорының мөрімен бекітіледі.

Жорыққа шығар алдында оның бағдарламасын тәрбиешілер кеңесінде, ата-аналардың қатысуымен талқыланып, балабақша бойынша бұйрық шығарылады. Онда жауапты адамдардың аты, жөні, тұратын мекен – жайы, үйінің телефон нөмері көрсетіледі. Жорықтан қайтқан соң, оған жауапты адамдар тәрбиешілер кеңесімен ата-аналар алдында есепті баяндама жасап, жетістіктер мен кемшіліктерді талқылайды. 2-3 күндік жорықтарға ата-аналардың қатысуына болады. Жорық кезінде шынығу деңгейі төмен балаларға жетекшілер айрықша көңіл аударады. Жорықта ауыру сырқауға душар болған балаларға бірінші дәрігерлік көмек көрсетіп, оларды жақын жердегі ауруханаға немесе үйлеріне қайтарылады.

Спорт мейрамдары.

Мейрамдар топтар арасында немесе бір мезгілде барлық балабақша балаларының қатысуымен ұйымдастырылып өткізіледі.

Мейрам “Қыз сыны “ , “Жігіт сыны ” жарыстарына ұқсас, гимнастикалық орындаулар, құрал-жабдықтармен және еркін орындалатын гимнастикалық жаттығулардан басталады.

Пирамидалар орындалып, спорттық қозғалмалы, ұлттық ойындармен жеңіл атлетика түрлері, дала жарысы және әскери қолданбалы түрлерінен өткізіледі.

Мейрамдардың негізгі мақсаты : балалардың шынығу дайындығын анықтау, үгіт – насихат жұмысын жүргізу. Жарыс қорытындысын шығару, жеңімпаздарды марапаттау.

Сауықтыру шаралары бойынша отбасымен жұмыс бағыттары.

Ата-анамен педагогтар арасындағы бірлескен жұмыстар үлкен жауапкершілікті талап етеді. Баланың денсаулығын қорғау, сақтау және нығайту жұмыстары ең басты мәселе. Балалардың қимыл қозғалыс белсенділігін дамытуға байланысты топтарда ашық ұйымдастырылған шаралар, ойын сауықтар, ата-аналармен жыл маусымдарына қарамастан іс-шаралар ұйымдастырылады. МДҰ- да спорт залы ,ойын алаңдары бар, бала дамуына қажетті барлық жабдықтармен, спорттық құралдармен және әр топ спорттық киімдермен толық қамтылды. Және кезеңімен толықтырылып отырады.Әр топтың өз эмблемалары бар. Оларда түрлі жарыстар, әр бағыттағы спорттық

ойындар жиі жүргізіліп тұрады. Күнделікті ертеңгілік балалармен дене шынықтыру жаттығулары жасалады. Ұйымдастырылған оқу іс-ірекеті тұрақты жүргізіледі. Осы сабақ барысында балалардың дене бітімі дұрыс қалыптасып, іс қимылдары жетіліп, бұлшық еттері қатаюына көңіл бөлінеді. Топтарда денсаулық бұрыштары ұйымдастырылған. Сонымен қатар балабақшада ата – аналардың қатысуымен түрлі спорттық жарыстар өткізіліп тұрады. Спорттық жарыстар мен түрлі ойын – сауықтар балалардың ой санасының қалыптасуына, өзін еркін ұстап және жан – жақты жетілуіне әсер етеді. Дене тәрбиесіне байланысты балабақшада «Шынықсан шымыр боласың», «Көңілді достар», «Кім жылдам?» деген топ арасындағы эстафеталық жарыстар өткізіледі. Әр сабақ жан – жақты талқыланып, кем – кетігі болса толықтырылып, баланың толыққанды өсіп — өнуі мұқият қадағаланады. Балалардың арасында жиі кездесетін сырқаттар: отит (құлақ ауруы), жедел лоринготрахит (қалқанша безінің ісінуі), ЖРИ (жалпы тыныс жолы аурулары). Балабақшадағы тұрақты жүргізілетін іс-шаралардың нәтижесінде балалардың сырқаттануы азайды. Мысалы, өткен жылға қарағанда сырқат түрлері Мықты денсаулықтың, дененің дұрыс жетілуінің, жоғары жұмыс қабілетінің негізі нақ осы мектеп жасына дейінгі балалық шақта қаланады, қозғалыс қызметінің қалыптасуы, сондай-ақ дене қасиеттерінің бастапқы тәрбиесі де осы жылдарда өтеді. Дені сау бала тіпті қарап отыра алмайды. Бірақ, бала не істеуді, қалай істеуді білмейді. Сондықтан ол ересек адамдардан өнеге алады. Баланы өз күшіне сендіріп үйрету керек. “Қолыңнан түк келмейді” дей берсең, бала жасқаншақ, жасық болып қалады. Бала еш уақытта іссіз отыра алмайтын болғандықтан оған ылғи пайдалы іс беріп отыру керек. Пайдалы іспен айналысқан бала өз бетімен жат қылықтарға әдеттенбейді. Балаларымыздың дені сау болып өссін десек, біз бала тәрбиесінде серуенге аса мән беруіміз керек. Таза ауадағы серуен баланың денсаулығын жақсартып, денесін шынықтырады. Даладағы серуен баланың ширақ қимылдап, жан-жақты дамуына көмектеседі. Жаз айларында барлық сауықтыру шараларын далада таза ауада өткізген жөн. Баланы жылдың қандай ауа райы болсын серуенге шығарған абзал. Ауладағы құрал-жабдықтар, ойын әрекетіне арналған ойыншықтар баланың жасына сай болуы керек. Дені сау ішкі жан дүниесі сау адам – бақытты адам, ол өзін өте жақсы сезінеді, өзін-өзі одан әрі жетілдіруге, дамыта түсуге тырысады, жан дүниесінің сұлулығын аша біледі. Біздің балабақшада кез-келген іс-шаралар ата-аналардың қатысуымен жүзеге асады. Мектеп жасына дейінгі балалар өздерінің іс-әрекеттеріне ата-аналарының қатысқанын ұнатады. Ойын – баланың еңбегі, сондықтан өз еңбегінің жемісіне ата-аналарының қатысып, бірге бөліскені бала үшін үлкен қуаныш. Сонымен қатар жазғы сауықтыру кезеңдегі ұйымдастырылған серуен, саяхаттарға бірге барып, өз көмектерін береді. Әрбір ата-ана өз баласының денсаулығы мықты, қайратты азамат болып өсуін қалайды. Сондықтан мектеп жасына дейінгі бала денсаулықтарын нығайтып, психологиялық сақтандыруды жүзеге асыруда балабақша мен отбасы бірлесіп жұмыстану қажет. Баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуына ең алдымен ата – ананың тәрбиесі негізгі роль атқарады десек, сол тәрбиені ұштастыра білу балабақшадағы тәрбиешіге де маңызды міндет жүктейді. Балабақшадағы әр баланың отбасылық жағдайын, ондағы тәрбие бағытым біліп, ата – анамен тығыз қарым – қатынас орнатып, ынтымақтаса жұмыс жасағанды ғана бала тәрбиесі өз нәтижесін береді. Отбасында тәрбие міндеттеріне. Баланың дене, танымдық дамуына жағдай жасау, балаларды өзіне – өзі қызмет етуге, жақындарына көмектесуге үйрету, баланың бейімі, қызығушылығын дамытуға, тілдік – қатынастық дамуына жан – жақты дамуына жағдай жасауға міндетті. Жұмыла көтерген жүк жеңіл демекші, ата-аналардың балабақша мен байланыс дұрыс жолға қоюға жұмыстар жүргіземіз. Балабақшада денешынықтыру кезінде бала дұрыс қозғалыста болуы үшін жыл мезгілдеріне сай киіндіруге, демалыс күндерінде де үйде жаттығулар жасауды әдетке айналдыруды, ашық есік күні, мерекелік ертеңгіліктерге, түрлі спорттық ойындарға ата – аналардың белсене қатысып, қызығушылық танытуын ынтымақтаса жүргізген жұмыстарымыздың нәтижесі деп білеміз. Тобымызда «Әкем, шешем, мен» спорттық сайыс өткізіліп, ата – аналармен бірге ойындар ойнап, жаттығулар жасап, балаларымыз бір жасап қалысады. Балабақшаның ауласы, бөлме тазалығы безендірілуі, балаларға ыңғайлылығы, әдемілігі, эстетикалық талғамдылығы жоғары болуы шарт. Неғұрлым ерте жатып, уақытымен таңертеңгілік тамағын ішіп, серуенге шығып ойнаған, жылы сөз, мақтау естіген, спортпен шұғылданған, шыныққан бала әрқашан да ауруға төтеп беретін, жігерлі, ақылды болып өседі.

Бала денсаулығы жақсы, шыныққан, көңіл – күйінің жоғары, ынталы болуы үлкендерге, яғни ата – ана, тәрбиешіге, қоршаған ортаға байланысты. Іс әрекеті, технологияны ертеңгілі бойжазу.

Сауықтыру шынықтыру шаралары

Мақсаты: Жазғы кезеңде тәрбиеленушілердің танымдық қызығушылығын дамыту және сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыруға бала бақшада барынша тиімді жағдай жасау.

- келесі қызмет түрлеріне табиғи-заттық ортаны қолдану: табиғатта еңбекті ұйымдастыру (гүлзар, бақша, телім), танымдық қызметті ұйымдастыру, әртүрлі ойын түрлерін ұйымдастыру, қозғалыс белсенділігін, бақылау, тәжірибелік-эксперименттік және зерттеу қызметін, продуктивті қызмет түрлерін;
- жазғы кезеңде балалармен іс шараларды бірігіп жасауға еліктіру, тәрбиелеу және сауықтыру сұрақтары бойынша ата аналармен педагогикалық ағарту жұмыстарын жүзеге асыру.

Балабақшада салауатты өмір салтын қалыптастырудың міндеттері:

1. Адам табиғат пен қоғамның бір бөлігі деген жүйелік бойынша балаларды тәрбиелеу.
2. Баланың өлі және тірі табиғатпен үйлесімді қарым қатынасын орналастыру
3. Жеке тұлғаның қалыптасуы
4. Жеке дара гигиеналық тәрбиесі
5. Баланы шынықтыру және оның белсенді қозғалысы
6. Зиян қылықтарды жою және оны алдын – алу..

Салауатты өмір салтын қалыптастыру негізінде денсалық бұрышын «Дені сау балақай!», балалармен жеке дара жұмысқа қоса альбомдар ашуға болады. Мысалы: «Есіне сақта балақай!», «Назар аудар балақай!», «Таңғажайып лабиринт». Балабақшада салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін арнайы с ергіту сәттерін жасауға болады.

Балалардың гигиеналық тәрбиесі

Балаларды жеке және қоғамдық гигиеналық дағдыларына тәрбиелеу - олардың денсаулықтарын қорғауда тұрмыстық, қоғамдық мінез-құлықтарының дұрысқалыптасуында маңызды орын алады. Ақыр түбінде балалардың гигиеналық ережелері және мінез-құлық нормаларына қажетті білім мен дағдыларын үреніп – орындауларынан, олардың ғана денсаулықтары ғана емес, сонымен бірге басқа балалардың, ересектердің денсаулықтары да тәуелді, байланысты болады.

Балалармен күнделікті жұмыс процесінде олардың жеке гигиена ережелері орындаулары үйреншілік әдетке айналып, ал есейген сайын гигиеналық дағдылар үнемі жетілулері керек.

Әуелі балалар қарапайым ережелерді орындауға үйрену керек: тамақ алдында, дәретханадан, ойыннан, серуеннен, т.б. іс-әрекеттен кейін қолдарын жуу. 2 жасар бала тамақтан соң аузын ауыз сумен шаю әдеттеріне дағдыландырылады, әрине балаларды осыған алдын-ала үйреткеннен кейін ғана. Ортаңғы және ересек топ жасындағы балалар жеке гигиена ережелерін орындауға жетік түсіне қарауы қажет. Өз беттерімен қолдарын жуу, көбік шықанша сабындау және құрғата сүрту, жеке орамал, тарақ, ауыз шаятын стаканды қолдану және барлық заттарды таза болуын қадағалауы керек.

Жеке гигиеналық дағдыларын қалыптастыру – баланың үнемі ұқыпты боуын, киіміндегі ақаулықты өздігінен немесе ересектің көмегімен жою икемділігін жорамалдайды. Гигиеналық тәрбие және үйрету мен мәдени мінез-құлық тәрбиесі тығыз байланысты. Сондықтан сәбилер тобынан бастап балалар тамақтану кезінде үстел басында дұрыс отыруға, тамақты мұқият және баяу шайнап, асхана аспаптары мен сүлгілерді қолдана алулары үйретіледі.

Ал асханадағы кезекшіліктер, тек қана үстелді дұрыс жабдықтап қана емес, сонымен бірге кезекшілікке кіріспес бұрын міндетті түрде қолдарын тазалап жуу, өзін тәртіпке келтіру, шашын тарауы керек.

Мәдени-гигиеналық дағдыларына тәрбиелеу міндеттерін шешуге көптеген педагогикалық тәсілдерді баланың жас шамалық ерекшеліктеріне қарай қолданылады. (Тура үйрету, көрсету, іс-әрекеттерді орындау жаттығулары, дидактикалық ойындар, т.б.)

Ең бастысы балаға мәдени-гигиеналық немесе жеке-гигиеналық дағдыларды бойына сіңдіру үшін оған гигиена ережелерін жүйелілігін сақтау керектігін үнемі естеріне салып отыру және қойылған талаптарды біртіндеп күрделендіру қажет. Және де әрекеттерді нақты да дәл орындауына бірізділікпен жету керек.

Мәдени-гигиеналық дағдыларды сәбилер тобының балалары арнайы бағытталған ойын әрекеттері арқылы оңай меңгереді, ал ересек тобында сөздік және көрнекілік тәсілдер арқылы, алуан түрлі мазмұнды каринкалар, белгілер арқылы үйретіледі. Мәдени-гигиеналық тәрбие дене тәрбие, айналамен таныстыру және экология сабақтары арқылы өткізіледі, онда көбінесе дидактикалық, мазмұнды-рөлдік ойындар және кішкене қойылым, рөлдерді бөлісіп ойнау әдіс-тәсілдері қолданылады.

МЖД балаларға тәрбиеші (кезкелген ересек адам) үлгі екенінде ұмытпаған жөн. Сондықтан ересектердің жағынан балаларға қойылатын талап бірдей болуы керек.

Қазіргі жағдайларда адам баласы бұрынғыға қарағанда түрлі қиын проблемаларға тап болуда. Ой еңбегімен жұмыс істейтін қызметкерлерге жоғары ғылыми дайындық, жан-жақты білім қажет болса, ал кейбіреулерге жоғары дәрежелі белсенділік таныта білу керек, соның өзі ағзаның қызметтік жүйесіне салмақ түсіріп, шаршау шақырады. Егер адам өз басына түскен проблемаларды шеше алмайтын болса, ол өзін қажетсіз «артық» адам деп біледі де, сол себепті ішімдікпен немесе нашақорлықпен айналысуы мүмкін.

Жүйке жиырығуы мен стресті жағдайларға толы қарқынды түрде өтіп жатқан өмірде адамның өзіне, өзгелерге және қоршаған ортаға деген қатынасын түбегейлі өзгерту қажеттілігі туындайды. Әрбір адам осындай жағдайларда өз жағдайы мен денсаулығы үшін өзінің жеке жауапкершілігін арттыруы қажет болады.

Салауатты өмір салты проблемасы бүгінгі таңдаған ерекше бір көңіл бөлуді қажет ететін мәселе болып келеді. Ертеректе жарық көрген материалдар мен ғылыми-әдістемелік жарияланымдары проблеманың негізгі аспектілерін анықтауға мүмкіндік беріп отыр. «Салауатты өмір салты» категориясының анықтамасы ең көп зерттелгенімен, оның маңыздылығының сипаты, салауатты өмір салтын қалыптастыру факторлары, тұлғаны салауатты өмір сүру дағдысын

Салауатты өмір салты, бір жағынан: бұл өмір салтының бір түрі болса, екінші жағынан, өмір салтының басқа да түрлерін жүзеге асыруға, дамытуға ықпал ететін жағдай.

Міне, сондықтан да салауатты өмір салтын медициналық-әлеуметтік белсенділіктің жекелеген түрлері – зиянды әрекеттерге бой алдырмау, гигиеналық мөлшерлер мен ережелерді орындау, еңбек тәртібін, демалыс, тамақтану ережелерін сақтаумен ғана шектеп қоюға болмайды..

Балалар тәрбие субъектісі ретінде қоғамдық сананы реттеуші, өз мінез-құлқының сарыны мен стимулын қалыптастырушы, мінез-құлқы мен қылықтарын саналы жасайтын жеке тұлғаны білдіреді. Бірте-бірте жеке тұлғалық қасиеттер, қажеттіліктер мен өз бетінше әсерлерге, қарым-қатынасқа, өзара әрекетке талдау жасайтын белсенді өмір ұстанымы қалыптасады. Өзінің алдына саналы түрде өзін-өзі жетілдіру үшін, өзін-өзі тәрбиелеуді жүзеге асыру үшін мақсат қоя білудің мүмкіндігі туады. Мектеп жасында баланың өзін-өзі тиянақтауы, сондай-ақ, бірте-бірте қоғамдық қатынастарға саналы түрде еніп, шығармашылықтық, әлеуметтік, интеллектуалдық және эмоциональдық белсенділігін арттыру жолымен жүзеге асады. Тап осы кезеңде, оқушының жеке тұлғалық қалыптасуы мен дамуы кезеңінде денсаулықты сақтау мен нығайтудың, салауатты

өмір сүру дағдысының өмір бойы сақталатын мөлшерлері мен қағидаларын ұстанудың қажеттіліктері қалыптасады.

Ұлттық ойындарда, салт-дәстүрлерде, әдет-ғұрыптарда, халық ауыз шығармашылығында сау дененің сұлулығы туралы, мінез-құлық мөлшерлері мазмұндалады және салауатты өмір салтының барлық факторларының мәні толық көрсетіледі, оның өскелең ұрпақ бойында қалыптасу мәселелері ашыла түседі. Біздің пікірімізше, жинақталған халық тәжірибесі қазіргі таңда өзінің көкейтестілігін жоғалтпақ түгілі, мәселені шешудің басты құралы болып табылады және тәрбие жұмыстарында кеңінен қолданылады.

Балалардың «Салауатты өмір сүру дағдысы» түсінігінің мәнін анықтайтын әр түрлі келістерді талдау барысында, мынадай қорытындыға келдім: салауатты өмір сүру дағдысы – бұл оқушылардың күнделікті өмірдегі әрекетінің саналы түрде жүзеге асырылуы, олардың қимыл-қозғалыс белсенділігінде, денсаулығының шындалуында, күн ережесін сақтауда, дұрыс тамақтануда, денсаулықты бұзатын жат әдеттерден бас тартушылықта, мінез-құлық пен қарым-қатынас мәдениетінде көрінеді.

Балалардың жеке тұлғасын тәрбиелеудің мазмұнды сипаттамасын жасау және олардың салауатты өмір салтына араласу мүмкіндігіне ие болуы үшін көптеген жалпы құрылымдық элементтерді, яғни функциональдық жүйелерді – әсер ету механизмінің көптеген және негізгі элементтерін, баланың жеке тұлғалық өзара әрекеті мен қалыптасуының элементтерін айқын көрсету қажет. Оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру процесі ең алдымен алуан түрлі қоғамдық орта мен іс-әрекет түрлерін ескеруді қажет етеді.

Ертегілер арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыру.

Саналы, өскелең ұрпақ тәрбиелеу-әрбір тәрбиешінің міндеті. Баланың ой-өрісін дамытуға, олардың қиялына қанат бітіріп, тіл байлықтарының молаюына балабақша тәрбиешілерінің сіңіріп еңбегі орасан зор. Бала тәрбиесі отбасынан бастау алды десек те, ғылымға негізделген әдіс – тәсілмен берілетін тәлім – тәрбие ісі көбінесе балабақшадан басталып, жан – жақты педагогикалық өрісін табады. Әсіресе балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы ізгілікті әсер етіп, мағынасы өшпейтін із қалдырады.

Балабақша жасындағы балаларды жан-жақты дамыту кезінде ертегінің алатын ролі өте зор. Ертегі – қай халықтың фольклорында да ертеден келе жатқан көне жанрлардың бірі. Ол ұрпақтан-ұрпаққа тараған мол мұра. Ертегіден халқымыздың ертеңге деген сенімі, арман тілегін, қиялын, даналығын, ғасырлық өмір тәжірибесін көреміз. Ертегінің қай түрін алсақ та ол баланың ой қиялын ұштайды. Мінез-құлқын, ерік-жігерін, сөйлеу қабілетін, тілін дамытып, сөздік қорын қалыптастырады.

Қазақ халық ертегілері жас ұрпақты тәрбиелеумен қатар, олардың бойына өз халқының игілігін дарытып, ана тілінде ойлау және мәдениетті сөйлеуіне, сауатты жазу дағдыларына барынша мол әсерін тигізеді. Сонымен қатар, қазақ халық ертегілерін пайдалану оқушыларды қызықтырады, дұрыс сөйлеуге үйретеді, логикалық ойын жетілдіреді.

Адамның балалық шағы ертегімен тығыз байланысты. Біз әжемізден ертегі айтып немесе оқып беруін жиі сұраймыз. Сиқыры бар оқиғаларды тыңдауды тағаттана күтеміз. Көңілді де аянышты, қорқынышты да күлкілі олар бізге біраздан таныс. Олармен біздің әлем, жақсылық пен жамандық, әділет туралы алғашқы көзқарастарымызды қалыптастырады. Бір қарағанда жәй

кішкентай ғана әңгіме сияқты, ал шын мәнінде осы әңгімелерде халық даналығы, мейірімдік пен зұлымдық туралы түсінік жатыр. Кейде өмірде қиын жағдайлар кездесіп жатады. Не істеу керек? Қандай дұрыс шешім қабылдау керек? Осы сұрақтарға жауап табу үшін ертегі бізге асығады. Ертегілер бізге сонау ерте заманнан келді. Ертегіге біз сенеміз, ондағы оқиғалар кейде өзімізбен болып жатқандай, қорқынышты жерінде көзімізді жұмамыз. Ең негізгісі – бәрі де жақсы аяқталатынына сенеміз. Қазақ халық ертегілері тұнып тұрған даналық.

Қазақ кейіпкерлері батылдық, батырлық, мейірімділік секілді адами қасиеттерімен ғана көрініп қоймайды, сонымен қатар жақсылық зұлымдықтан үстем шығады. Жағымды кейіпкерлер арасында батырлар да, қарапайым адамдар да, және әйелдер бейнесі де бар.

Ертегі тыңдау арқылы бала оған еліктейді, өзі де ертегінің басқа түрін, ойлап шығарады. Түйсік қабілеттері дамиды. Кішкентайынан ертегі тыңдап өскен бала ақылды, зерек, терең ойлы, зейінді болып өседі. Ертегі жаңа өскін балауса буынның сана-сезімін оятып, ақыл-есін дамытып, адамгершілікке тәрбиелейді. Мектеп жасына дейінгі балалардың жасына лайықты, ертегі, жұмбақ жаңылтпаш, әңгіме естіп өсуі – олардың сөздік қорының молаюына, ақыл-ойының жетілуіне дыбыстарды дұрыс айту мәдениетіне әсер етеді. Өйткені, бала ертедегі жақсы кейіпкерге еліктеп батыр, шыдамды, ақылды, кеңпейіл болғысы келеді. Балалардың ең сүйіп тыңдайтын дүниесі – ертегі қайталап айту арқылы баланың сөздік қоры дамиды. Бұрынғы уақытта балалар көбінесе ата-әже бауырында өскен. Олар үлкендердің ертегі, әңгімесін тыңдап, зейін қойып өскен. Ол балалар үлкенге құрмет, кішіге мейірімді, ілтипатты болған. Қазір көбінесе теледидар немесе компьютер алдында отырады да кино, көпсериялы мультфильмдер көреді.

Ертегілер мазмұны қызық болса ғана тыңдайды. Мектеп жасына дейінгі балаларды халық ауыз әдебиетімен таныстыру /балабақша/ мектепалды даярлық топтарындағы ұстаздардың міндеті. Көптеген ертегі, әңгімені осы жерден естиді, мазмұнын үй ішіне, жолдасына, ата-анасына қайталап айтуға тырысады.

Ертегі мазмұнына сәйкес кейіпкерлерге яғни рөлдерге бөліп драматизациялау, саусақ театры, көлеңке театры, қуыршақ театры балалардың асыға күтетін нәрсесі. Ертегі кейіпкерлеріне сай дауыс ырғағымен айтуға үйренеді, қимыл-әрекетін келтіреді және жүреді.

Халқымызда қай тақырыпта да табылатын, тілге жеңіл, жүрекке жылы тиерлік ертегілері қаншама?! Ол ертегілер арқылы бала өз халқының тілін, мәдениетін, дәстүрін біледі және ой-өрісі, қиялы дамиды және адамгершілікке тәрбиеленеді. Мысалы: «Жақсымен жолдас болсаң – жетерсің мұратқа, жаманмен жолдас болсаң – қаларсың ұятқа» деген мақалды, «Жаман дос жолдасын жолда қалдырар» деген мақалдарды «Екі дос», «Кедей мен бай» атты ертегі желісінен оқуға болады.

Қазақ халқының салт-санасы мен ата-бабасынан келе жатқан дәстүрін өз бойындағы ерекше қасиеттерін талантымен, дарындылығымен, өзгелерден ерекше табиғи қабілеті арқылы биіктерден көрсеткен. Қасиетті ертегілер арқылы тәрбие берген, салт-дәстүрін сол қалпында сақтап қалған. Сонымен қатар еліміз егемендік алғалы мемлекеттік тілде сөйлеуіне, бұл қасиетті

ертегілердің халық ауыз әдебиетінде ең маңызды орын алатыны сөзсіз екенін салыстырып көрсету.

Ертегі бала ойында сақталу үшін түрлі жолдар арқылы жүргізуге болады;

1.Ертегі оқу. Мұнда сол ертегі кейіпкерлерінің бейнесіне еніп соның көңіл-күйін образ арқылы бейнелеп беру.

2.Суретпен жұмыс. Бір ертегідегі барлық кейіпкерлер бейнеленген суреттер арқылы көрсету.

Баланың табиғат туралы білімдерін кеңейтіп табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін оятып, қамқорлыққа алуға тәрбиелеу. Ұйымдастырылған оқу қызметінде материалды түсіндіру - ұнтаспа, бейнетаспа, суреттер, көрнекілікті пайдалану, әңгімелесу арқылы жүзеге асады. Табиғаттың әсемдігін көріп сезіне білу балалардың өмір тәжірибесін байытып, олардың эстетикалық талғамын дамытады. Туған жерге деген ыстық сүйіспеншілігін күшейтеді. Халық ұғымында табиғат деген сөз Жер – ана,туған жер, атамекен сөздері түрінде көп айтылады. Баланы еңбекке тәрбиелеуде отбасы мүшелері үлкендерінің еңбекке деген көзқарасы,еңбек істеу әрекеті әсер етеді. Баланы еңбек сүйгіштікке тәрбиелеуде, өнерге баулуда ауыз әдебиеті күшті құрал болған. Айталық, мерген, мал тапқыш, еңбек сүйгіш өнерлі жандар жайында балаға ертегі, әңгіме, өлең-жыр айтып беру арқылы баланы еңбек ардагерлерін қадірлеуге ал оған қарама-қарсы еңбек сүймейтін арамтамақ жатып ішер жалқау деген жиркенішті сезімге тәрбиелеуге болады.

Балаға адамдық қасиеттің нәрі ертегі арқылы ана сүтімен қоса сіңіріледі. Өйткені, оның жаны күнәдан пәк, таза, көңілінде күдік жоқ. Бәріміз де жақсы жанға жайлы, одан рахат табатын ертегіні тыңдап, сол ертегілерден адам бойына керектінің бәрін сіңіріп өстік. Бала жанын қоректендіретін рухани қор — айналадағы барлық табиғат болмысы, жанды мақлұқтың бәрімен табыстыратын, терең де таң ғажайып сырларға толы ертегілер. Бала бойына тамаша қасиеттер мен адалдықты, мейрімділікті, имандылықты егетінде осы –ертегі.

Ертегі — ауыз әдебиетінің көлемді саласының бірі. Ертегілер -бірнеше ғасырлардың жемісі. Ертегінің негізгі бір саласы қиял-ғажайып ертегілері. Бұларда өмірде болмайтын нәрселер туралы әңгімелер қозғалады. «Ұшқыр кілем»,»Адам жеңбек Айыртас батыр» т.б қиял-ғажайып ертегілердің де өзінше мәні үлкен. Ертегілерінің ішіндегі көне түрінің бірі — хайуанаттар жайлы ертегілердің балаға берері көп.

Адамды қоршаған табиғаттың әрбір бөлшегі соның тыныс-тіршілігі қызықты әрі жұмбақ. Ұйымдастырылған оқу қызметі үстінде кім хайуанаттар, еңбек және өнер жайында ертегілер біледі деген ойын арқылы балаларға тиянақты мағлұмат,тәлім-тәрбие беруге болады.

Ертегінің бір түрі-тұрмыс салт ертегілері.Бұл ертегіде көбінесе елдің бақташылық тұрмыс — тіршіліктері суреттеледі.

Бала бойына адамгершілік қасиеттерді ойын, салт — дәстүр, мақал мәтелдер, ертегілер,жұмбақтар, айтыс өлеңдер арқылы сіңіру ата ана мен тәрбиешілердің басты міндеті. Демек,жас баланың ойлау, есту, сөйлеу, көру, есте сақтау қабілеттерін дамытуда халық ауыз әдебиетініңүлгілерініңалатын орын ерекше. Солардың ішінде көп тараған үлгілерінің бірі

«ертегілер». Балаға бесік жыры қандай маңызды болса, ертегі де дәл солай маңызды. Бүлдіршіндер өте әсершіл келеді. Естіген ертегі мазмұнын есте сақтап, әділдікке сену, біреуге жақсылық жасау, көмектесу сияқты қасиеттерге ие.

Балаға күнделікті жылы дауыспен айтқан ертегі, жұмбақ, жаңылтпаш, күлдіргі әңгімелер сәбидің жан дүниесіне әсер етіп, ізгі қасиеттерін дамытып, ақыл — ойын жетілдіреді. Ертегі арқылы еңбекке, шыншыл болуға, туған жерін сүйуге, батыр да батыл болуға тәрбиелеу біздің басты міндетіміз. Кішкентайынан ертегі тыңдап өскен бала ақылды, зерек, терең ойлы, зейінді болып өседі. Ертегі жаңа өскін балауса буынның сана — сезімін оятып, ақыл — есін дамытып, адамгершілікке тәрбиелейді.